

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ
ҰЙЫМДАРЫ МЕН МЕКТЕПАЛДЫ СЫНЫПТАРЫНДА
2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ
БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ



Құрылымы

❑ Жалпы ережелер

❑ Нормативтік құқықтық қамтамасыз ету

❑ Тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктері

- *Ерте жастағы балаларды дамыту (туғаннан бастап 3 жасқа дейін)*
- *Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту*
- *Мектепалды даярлық*
- *Мектепке дейінгі білім беру саласын әдіснамалық қамтамасыз ету*

❑ Қосымшалар

- *Өтпелі тақырыптардың үлгілері*
- *Перспективалық жоспар*
- *Циклограмма*
- *Жас топтары бойынша күн тәртібінің үлгісі*

Жалпы ережелер

МАҚСАТЫ

балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оларды жан-жақты үйлесімді дамыту үшін жағдай жасау

НЕГІЗДЕМЕ

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру, халықтың әртүрлі әлеуметтік топтарынан шыққан балалардың сапалы мектепке дейінгі білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету

ЖҰМЫСТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру
- қызықты ойын түрінде балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту (шаршауды болдырмау үшін)
- баланы білім беру процестеріне толыққанды қатысушы (субъектісі) деп тану
- ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларға қоғамның оң көзқарасын қалыптастыру
- мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіру (жақсы денсаулық, қауіпті немесе қауіпсіз әрекеттерді бағалай білу; эмоцияларын басқару; баланың жалпы когнитивтік дамуы)

Нормативтік құқықтық қамтамасыз ету

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысы)

2. «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» (Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі №306 Заңы)

3. Санитарные правила Санитарно-эпидемиологических требований к дошкольным организациям и домам ребенка (Приказ МЗ РК от 17 августа 2017 года № 615)

4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы)

5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы)

6. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы)

7. МДҰ-ға білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шарты (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығы)

8. МДҰ қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы), ерекше білім беруіне қажеттіліктері бар балаларды жеке оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша тәрбиелеу мен оқыту жөніндегі талаптарды енгізу бөлігінде

9. Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары (ҚР БҒМ 2020 жылғы 19 маусымдағы №254 бұйрығы), (кезекке қою, жолдама беру, құжаттарды қабылдау, МДҰ-ға балаларды қабылдау)

10. Республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың) тізбесі (ҚР БҒМ 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығы)

Енгізілді:

- "Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері" республикалық конкурсы
- "Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогы" республикалық конкурсы

Енгізу жоспарланып отыр:

- «Ханталапай» республикалық конкурсы
- «Бақытты балалық шақ» республикалық конкурсы (Балаларды қорғау күніне)
- «Менің Қазақстаным» (Тәуелсіздік күніне)

Тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктері

МДҰ қызметінің үлгілік қағидалары

1.1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – оқу жылы (Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру кезеңі)

2. 1 маусым мен 31 тамыз аралығында – жазғы сауықтыру кезеңі

3. Мектеп жасына жеткен тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымнан босату жыл сайын 1 тамызға дейін жүзеге асырылады

4. Тәрбиеленушілерді бір жас тобынан басқасына ауыстыру тәрбиеленушінің ағымдағы жылы 1 қыркүйектегі толық жасын ескере отырып, ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады

Білім беру процесі

- МДҰ-ның жылдық жоспары
- Өтпелі тақырыптар негізінде перспективалық жоспар
- Апталық циклограмма

Мониторинг

- Бастапқы – қыркүйек
- Аралық - қаңтар
- Қорытынды - мамыр

Өтпелі тақырыптар

- Педагогикалық кеңесте қаралады және бекітіледі

Ұйымдастырылған оқу қызметі

- Баланың бастамасын, пікірі мен тілегін ескеріп, ойын түрінде шаршауды болдырмай оқыту

БАЛА ОҚУҒА БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСУШЫ

Консультациялық пункттердің жұмысын жетілдіру

МІНДЕТТЕРІ:

- балаларды әлеуметтендіру
- дербестікке тәрбиелеу
- әлеуметтік-тұрмыстық және әлеуметтік-коммуникативтік біліктер мен дағдыларды дамыту
- әлеуметтік-мәдени нормаларға, отбасы, қоғам және мемлекет дәстүрлеріне баулу

МАҚСАТЫ

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолжетімділігін қамтамасыз ету
- балалары мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын ата-аналарға әдістемелік көмек көрсету

МІНДЕТТЕРІ

- мектепке дейінгі ұйым мамандарының ата-аналар қауымдастығына психологиялық-педагогикалық көмекті жүзеге асыруы
- мектепке дейінгі ұйым жағдайына балалардың бейімделуі және әлеуметтенуі
- 1 жастан 2 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналардың (заңды өкілдердің) педагогикалық құзыреттілігін арттыру
- мектеп жасына дейінгі балалардың дамуындағы ықтимал бұзылыстардың алдын алу және уақтылы қалпына келтіру

КЕҢЕСТЕРДІҢ ҮЛГІ ТІЗБЕСІ

- мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтендіру
- ерте жастағы балалардың жас кезеңдері және дамуы балалардың тамақтануын ұйымдастыру
- үй жағдайында ойын әрекетін ұйымдастыру
- балаларды шынықтыру мен сауықтыру үшін жағдай жасау

БАЛАНЫҢ ЖЕКЕ БАСЫН ДАМУ

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту

Жас кезеңдері

- Мектепке дейінгі жас – 3-6 жас::
- орта жас – 3 жастан бастап (ортаңғы топ)
- ересек жас – 4 жастан бастап (ересек топ)

Апталық оқу жүктемесінің көлемі

- Қазақ тілінде оқитын балалар үшін:
- ортаңғы топ (3-жастан бастап) - 11 сағат ұзақтығы 15-20 минут
- ересек топ (4-жастан бастап) - 12 сағат ұзақтығы 20-25 минут
- Орыс тілінде оқитын балалар үшін:
- ортаңғы топ (3-жастан бастап) - 11,5 сағат ұзақтығы 15-20 минут
- ересек топ (4-жастан бастап) - 12,5 сағат ұзақтығы 20-25 минут

Оқыту мен тәрбиелеу қазақ тілінде жүргізілетін топтарда вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің көлемі

- ортаңғы топ балалары үшін – 1 сағат
- ересек топ балалары үшін – 2 сағат

Оқыту мен тәрбиелеу орыс тілінде жүргізілетін топтарда вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі

- Ортаңғы топ балалары үшін – 0,5 сағат
- Ересек топ балалары үшін – 1,5 сағат

Вариативтік компонент – балалардың жас және жеке ерекшеліктері, қызығушылықтары және мектепке дейінгі ұйым қызметінің бағыты ескеріледі

Мектепалды даярлық

Мектепалды даярлық міндетті және отбасында, мектепке дейінгі ұйымдарда, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды даярлық сыныптарында іске асырылады (ҚР «Білім туралы» Заңы 30-бап)

Оқу процесі

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұны 1 қыркүйектан бастап 25 мамыр аралығында жүзеге асырылады
- Мектепке дейінгі ұйымдардың мектепалды даярлық топтарында каникул уақыты қарастырылмаған

Апталық оқу жүктемесінің көлемі

- 20 сағат, ұзақтығы – 25-30 минут

Вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің көлемі

- Тәрбиелеу мен оқыту орыс тілінде жүргізілетін топтарда - 2 сағат
- Тәрбиелеу мен оқыту орыс тілінде жүргізілетін топтарда – 3 сағат

«Балақайлар мектебі»

- «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларын кіріктіру арқылы жүзеге асырылады. Әрекетті ұйымдастыру нысаны– ойын -сабақ

Мектепке психологиялық дайындықты қалыптастыру

Тәрбиелеу-білім беру әрекетін ұйымдастыру қағидалары

Ойнай
үйренеміз
Кіріктіру

Педагогтердің оқу ресурстарын таңдауы

- Автоматтандырылған жүйе
- Біріңғай тапсырысты қалыптастыру

Оқу жоспары

- Үйлесімді
- Кіріктірілген
- Жас ерекшелігін ескеру
- Сабақтар санымен

Білім беру бағдарламалары

- Базалық
- Дамытушы
- Вариативтік
- Жеке

Заттық-дамытушы орта

- Кедергісіз
- Дамытушы
- Трансформациялау

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін жүзеге асыру

Перспективалық жоспар

Перспективалық жоспар

Мектепалды даярлық сыныбы/тобы 2021 жыл қыркүйек айы

Өтпелі тақырып: «Менің балабақшам»

Мақсаты: баланың өзі, балабақша туралы түсінігін кеңейту

Міндеттері:

- балалардың өзін-өзі тануына жағдай жасау, қоршаған ортаға қызығушылықты дамыту;
- балабақшаға, топқа ондағы балалар мен ересектерге сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру;
- балалардың бастамашылдығын және өзінің жеке пікірін білдіруін қолдау;
- бірлескен әрекетке баулу.

	Денсаулық-3 Дене шынықтыру – 2,5 Қауіпсіз мінез құлық негіздері – 0,5	Қатынас – 5 Сөйлеуді дамыту - 1 Сауат ашу негіздері - 2 Көркем әдебиет – 1 Орыс тілі – 1	Таным – 2,5 Математика негіздері – 1 Құрастыру – 0,5 Жаратылыстану – 1	Шығармашылық -5 Сурет салу – 1 Музыка – 2 Мүсіндеу – 1 Жапсыру– 1	Әлеумет – 1,5 Өзін-өзі тану – 1 Қоршаған ортамен танысу - 0,5
1-апта 1-3 қыркүйек	Дене шынықтыру «Менің топтағы Достарым»	Сөйлеуді дамыту «Бақыт мекені» Сауат ашу негіздері «Кел, танысайық!»	Жаратылыстану «Ауладағы ағаштар» Математика негіздері «Менің бөлмем»	Музыка «Менің балабақшам» Сурет салу «Балабақшам өз үйім» Мүсіндеу «Бақшадағы ағаштар»	Өзін –өзі тану «Өзін-өзі тану әлеміне саяхат» Қоршаған ортамен таныстыру «Мені қоршаған әлем»

Циклограмма

Күн тәртібі	Сәрсенбі 1.09.	Бейсенбі 2.09.	Жұма 3.09.
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу		
Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру		
Ойындар, (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Логикалық ойын: «Айыр машылығын тап»	Дидактикалық ойын: «Бала бақша»	Саусақ жаттығуы «Достық»
Танертенгі гимнастика	Танертенгі жаттығу кешені		
Таңғы ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету		
Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Дидактикалық ойын: «Бұл неге қалайт?»	Дидактикалық ойын: «Қандай зат, не үшін керек?»	Дидактикалық ойын: «Не қай жерде орналасқан?»
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ	1. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Бақыт мекені» Мақсаты: балалардың балабақша туралы пікірін тыңдау. Сюжетті-рольдік ойын: «Балабақша» 2. Мүсіндеу Тақырыбы: «Бақшадағы ағаштар» Мақсаты: елестету арқылы өзіне ұнайтын ағаштың бейнесін жасау Дидактикалық ойын: «Бөліктерді құрастыр» 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Менің топтағы достарым» Мақсаты: Негізгі қимылдар: 1)Сапқа екі қатар мен тұру 2)Алға қарай жылжып секіру 3) Жылдам еңбектеу Қимылды ойын: «Досыңды тап»	1.Жаратылыстану Тақырыбы: «Ауладағы ағаштар» Мақсаты: ағаштарды бақылау, ондағы өзгерістер мен оларға күнім жасау туралы пікірлерін тыңдау Дидактикалық ойын: «Ағаштарды ажырату» 2. Сурет салу Тақырыбы: «Балабақшам өз үйім» Мақсаты: тақырыпқа сөйкес ойдан сурет салу, салынған бейнесі туралы әңгімелеу Дидактикалық ойын: «Не қайда орналасқан?» 3. Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Өзін-өзі тану әлеміне саяжат». Мақсаты: адам бойындағы құнды қасиеттер туралы әңгімелесу Дидактикалық ойын: «Жұлдызды орындық»	1. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Кел, танысайық! Мақсаты: дыбыстар туралы түсініктерін кеңейте отырып, дыбыстарды ажырата білу дағдыларын дамыту. Дидактикалық ойын: «Дыбыстарды ажырат» 2. Математика негіздері Тақырыбы: «Менің бөлмем» Мақсаты: кеңістікті бағдарлау, топтағы заттардың орналасу ретін анықтау: оң, сол, астында, үстінде, жағында «Дидактикалық ойын: «Не қайда орналасқан?» 3. Музыка Тақырыбы: «Менің Балабақшам» әні С.Шынымов Мақсаты: Ән сипатын қабылдай отырып, әнді анық орындау Сюжетті-рольдік ойын: «Ән мен өшпін»

Назарларыңызға
рахмет!

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық
актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі
Заңнама және құқықтық
ақпарат институты Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігі

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137
қаулысы.

- [Мәтін](#)
- Ресми жарияланым
- [Ақпарат](#)
- [Өзгерістер тарихы](#)
- [Сілтемелер](#)
- [Көшіру](#)
- Басқа

**Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту
туралы**

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласын одан әрі дамыту
мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды
дамыту [моделі](#) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бір ай
мерзімде Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске
асыру жоспарын бекітсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және
жариялануға тиіс.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі А. Мамин**

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2021 жылғы 15 наурыздағы
№ 137 қаулысымен
бекітілген

**Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі
1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (бұдан әрі – модель) Мемлекет басшысының 2020 жылғы 27 мамырда Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 1-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасының нормалары негізінде және Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 1989 жылғы 20 қарашадағы 44/25 қарарымен қабылданған, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысымен ратификацияланған Бала құқықтары туралы конвенцияның нормалары ескеріліп әзірленді және балаларды дамыту мен оқыту талаптарының өзгеруіне және өзекті ғылыми деректерге сәйкес мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды трансформациялау үшін қажетті өзгерістер бағытын айқындайды.

2. Осы модельде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) модель – мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту мен жетілдіру бағытын айқындайтын тәсілдер мен қағидаттар жиынтығы;

2) баланы толыққанды дамыту – қимыл белсенділігіне жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру, достық қарым-қатынас орнату және дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі;

3) баланың қажеттіліктері – ойынға, қимыл-қозғалысқа, таңдауға, өз өмірін бақылауға, пайдалы іс-әрекетке, жақын жылы қарым-қатынас жасауға, араласуға, жаңа нәрсе жасауға, зерттеуге, эксперименттерге, танымдық белсенділікке қажеттілік;

4) дамытушы орта – заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта;

5) қарым-қатынасты қолдау – ересектердің балаларға деген мейірімді қарым-қатынасы, баланың дербестігін ынталандыруы, әр баланың жеке басын құрметтеуі, балаға қиын сәттерде қолдау көрсетуі;

6) инклюзивті білім беру кеңістігі – әр баланың жеке қажеттіліктері ескеріліп ұйымдастырылған орта, онда барлық балалар эмоционалдық, зияткерлік және академиялық қолдауды сезінеді, әлеуметтенуге қатысады және жеке басына, тәрбиелеу мен оқытудағы қалауына қарамастан қатысады;

7) сапалы маңызды өзара іс-қимыл – педагогтің әр баламен жеке қарым-қатынасы, баланың іс-әрекетіне және оның пікіріне шынайы қызығушылықпен қарау, тыңдау, қолдау көрсету, балаға жылы қарым-қатынас көрсету;

8) ерте дамыту – баланың туғаннан бастап мектепке барғанға дейін дамуы;

9) сәби жасы – туғаннан бастап үш жасқа дейінгі кезең;

10) педагог – педагогикалық немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам.

3. Модель ұлттық құндылықтарды балаларды ерте жастан толыққанды дамытудың заманауи теорияларымен үйлестіруге бағытталады

2-тарау. Ағымдағы жағдайды талдау

4. Мектепке дейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттары "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) айқындалған.

5. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту білім беру жүйесінің бірінші деңгейі ретінде отбасында немесе бір жастан бастап бірінші сыныпқа қабылданғанға дейін меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдарда; бес жастан бастап балаларды мектепалды даярлау отбасында

немесе меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдарда, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында жүзеге асырылады.

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында (бұдан әрі – Мемлекеттік бағдарлама) білім беруді, оның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың негізгі бағыттары айқындалған. Қолжетімді және сапалы мектепке дейінгі білім беру Біріккен Ұлттар Ұйымының 2030 жылға дейін тұрақты даму мақсаттарының тізбесіне енеді.

7. Қазақстанда мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту бойынша жүйелі шаралар кешені іске асырылуда. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесіндегі мемлекеттік саясат халықтың әртүрлі әлеуметтік топтарынан шыққан балалардың сапалы білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер жасауға және қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған.

8. Елдегі мектепке дейінгі ұйымдар желісі, оның ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 мамырдағы № 488 қаулысымен бекітілген Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010 – 2020 жылдарға арналған "Балапан" бағдарламасының арқасында кеңейді. Мектепке дейінгі ұйымдарды ашу үшін жеке бизнесті тарту және мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру есебінен мектепке дейінгі жекеменшік ұйымдар желісі 13 есе – 2010 жылы 347 бірліктен 2020 жылы 4556 бірлікке дейін ұлғайды.

9. 2021 жылы мектепке дейінгі ұйымдар желісі 10759 бірлікті құрады, оның ішінде 6949 балабақша және 3696 шағын орталық, 6080 мемлекеттік және 4679 жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар, оларға 1-6 жастағы 903 мыңнан аса бала барады.

10. Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеумен және оқытумен қамту мәселелері көбіне соңғы 10 жылда шешілді. Қазіргі кезеңде мектепке дейінгі білім беруді дамытудың басым бағыттары модельді іске асыруда көзделген сапалық көрсеткіштерді арттыруға бағытталған.

11. Сонымен қатар мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесінде шешуді талап ететін бірқатар өзекті мәселелер бар:

1) балалармен жұмыста қолданылатын әдістер мен нысандардың заманауи талаптарға сәйкес келмеуі;

2) балалардың танымдық қызығушылықтары мен білуге құмарлығы, дербестігі жеткілікті ескерілмеуі;

3) білім берудің әртүрлі деңгейлерінде алынатын негізгі дағдылар жиынтығындағы сәйкессіздіктің өмір бойы оқыту жүйесін (lifelong learning) құруға кедергі жасауы;

4) көрсетілетін қызметтер сапасының төмендігі, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту сапасын өлшеу және бағалау жүйесінің болмауы;

5) кадрлар жасының ұлғаюы және жетіспеуі;

6) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесіндегі педагог мамандығы беделінің болмауы;

7) кадрлардың тұрақтамауы;

8) педагогтерді даярлау бағдарламалары мазмұнының әлемдік ғылымның заманауи үрдісіне сәйкес келмеуі;

9) ерекше білім беруді қажет ететін балалардың оқшаулануы;

10) инклюзивті ортада балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау үшін мамандар тапшылығы;

11) ата-аналар қауымымен байланыстың жеткіліксіздігі.

12. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту сапасын бағалау жүйесінің болмауы, тексеру рәсімін оңайлату, лицензиялауды алып тастау, мектепке дейінгі ұйымдар қызметіне хабарлама тәртібін енгізу мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту қызметі сапасының төмендеуіне алып келді.

13. Қазақстанда ECERS-R сапаны бағалаудың халықаралық шкаласы бойынша өткізілген зерттеу 7 балдық шкала бойынша 4,1 балл деңгейін көрсетті, бұл "орташа сапа" бағасына сәйкес келеді, ал "жақсы сапа" 5 балдан басталады. "Баланы қарау және күтім жасау" шкаласы бойынша мектепке дейінгі ұйымдар жоғары көрсеткішті иеленді, "Бағдарламаны құрылымдау", "Өзара ынтымақтастық", "Сөйлеу және ойлау" және "Заттық-кеңістіктік орта" кіші шкалалары, әсіресе, балалардың еркін ойыны және мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған жағдайлар бойынша баға 4,0-ден төмен болды. Текшелер, математика, ойын, табиғат/ғылым, музыка/қимыл, өнер, ұсақ моторика және т.б. көрсеткіштер бойынша "Белсенділік түрлері" кіші шкаласы бойынша балдар ең төмен. Ортаның жабдықталуы мен

балаларға қолжетімділігінің төмендігі. Зерттеу баланың педагогпен өзара әрекетіне, баланың эмоционалдық дамуына, жеке тәсілді күшейтуге және баланың қызығушылығын қолдауға назар аудару қажеттілігін көрсетті.

14. Мемлекеттік бағдарламада мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту деңгейінде білім беру қызметтерінің сапалық көрсеткіштерімен байланысты индикаторлардың шектеулі саны айқындалған, олар – балалардың сауаттылық дағдылары, мектепке дейінгі ұйымдармен қамту, педагогтердің білім деңгейі, ал халықаралық практикада мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту сапасы – көптеген компоненттерді қамтитын және жергілікті контексті көрсететін ауқымды ұғым.

15. Сапа көрсеткіштерінің үш тобы бар, балаларды оқыту және күтім жасау саласында қызмет көрсететін ұйымдардың сапасын бағалаудың әрбір халықаралық құралы осы көрсеткіштердің өзіндік теңгеріміне ие:

1) құрылымдық сапа – мектепке дейінгі ұйым дизайны, оны ұйымдастыру және кеңістікті ішкі ұйымдастыру, педагогтердің білім деңгейі мен кәсібилігі, куррикулум дизайны, қаржылық реттеу, балалар санының ересектер санына арақатынасы, балалармен жұмыс жүргізудегі жеке тәсіл, балалар қауіпсіздігі үшін жағдайлар, аккредиттеу;

2) процестің сапасы – мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтер нені қалай жасайды, ойынға қанша уақыт бөлінеді, педагог пен балалар және балалар арасындағы маңызды өзара әрекет, күтім мен білім күнделікті практикаға қаншалықты кіріктірілген, оның балаға мейірімді және оның қажеттіліктеріне сай келуі, педагогтердің әр баланың отбасымен өзара қарым-қатынасы, ата-аналардың қатысуы және мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогтердің күнделікті практикасы;

3) нәтиженің сапасы – балалар, отбасы, қоғам нақты бір мектепке дейінгі ұйымнан қандай пайда алады, бұл нәтиже балалардың аман-саулығын, балалардың эмоциялық, моральдық, психикалық, психологиялық аман-саулығы мен дамуын, әлеуметтік дағдыларын, болашақ өмірге дайындығын, балалардың денсаулығы мен олардың мектепке дайындығын өлшеуге қалай әсер етеді.

16. Бұл көрсеткіштердің көбі Қазақстанда мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесінде ескерілмейді. Үздік әлемдік тәжірибені ескере отырып және оған сәйкес мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесін одан әрі дамыту, мектеп жасына дейінгі балалар үшін сапалы білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету және ата-аналар қауымының сапалы қызметтер алуға қажеттіліктерін қанағаттандыру қажет.

3-тарау. Модельдің мазмұны

Модельдің мақсаты мен міндеттері

17. Модельдің мақсаты – дені сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруге бағытталған тәрбиелеу мен оқыту жүйесін өзгерту арқылы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың бағыттары мен қағидаттарын айқындау.

18. Модельдің міндеттері:

1) инклюзивті білім беруді қоса алғанда, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті ғылыми негізде жетілдіру жолымен мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын өзгертуге жағдай жасау;

2) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнындағы өзгерістерді нормативтік құқықтық сүйемелдеуді қамтамасыз ету;

3) сапа өлшемшарттарын айқындау арқылы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың сапасын арттыру және білім берудің сапасын бағалау құралын әзірлеу;

4) қазіргі заманғы теорияларды ұлттық ерекшеліктермен үйлесімді ұштастыру негізінде баланы ерте дамыту процесінің тұтастығын қамтамасыз ету;

5) ғылыми негізде вариативтік оқу бағдарламаларының құрылымын әзірлеу және бағыттарын айқындау;

6) педагогтердің деңгейінде және білім беру ұйымдарының деңгейінде мектепке дейінгі ұйымдардың күнделікті жұмысында зерттеу жұмысының мәдениетін қалыптастыру;

7) педагогтердің кәсіби өсуінің үздіксіздігін қамтамасыз ету;

8) өзара әріптестік іс-қимыл орнату арқылы ата-аналардың білім беру қызметтеріне қанағаттануын қамтамасыз ету.

19. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды, дамыту мен білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша кешенді шаралар:

1) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бағдарламаларының мазмұны мен іске асыру шарттарын реттейтін нормативтік құқықтық базаны жаңарту;

2) ғылыми-әдіснамалық және оқу-әдістемелік қолдауды қамтамасыз ету;

3) вариативтік оқу бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;

4) тәрбиелеу мен оқытудың сапасын бағалау өлшемшарттарын әзірлеу;

5) балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыру тәсілдерін жетілдіру;

6) педагогтерді даярлау бағдарламаларын жетілдіру және балаларды ерте дамыту әдістемесі бөлігінде мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламаларын өзектілендіру.

Нормативтік құқықтық сүйемелдеу

20. Қазақстан Республикасының қазіргі даму кезеңінде балаларды дамыту, тәрбиелеу және оқыту процестерін ұйымдастырудың жаңа тәсілдері мен жаңа тиімді нысандарын іздеуді талап ететін мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесінде терең әлеуметтік-экономикалық өзгерістер болып жатыр. Бұл Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы "Қазақстан-2050" стратегиясы" атты Қазақстан халқына Жолдауында, Мемлекеттік бағдарламада, Заңда және басқа да негізгі нормативтік құжаттар мен заңға тәуелді актілерде көрініс тапты. Осы нормативтік құқықтық құжаттарда Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесін жаңғыртудың тұжырымдамалық негіздері қаланды.

21. Модельді іске асыру мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласында ғылыми зерттеулер жүргізгеннен, білім беру қызметтерінің сапасын, даму жағдайларын жақсарту және арттыру бойынша ұсынымдар әзірленгеннен кейін ілеспе нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізуді көздейді.

Дамыту, тәрбиелеу және оқыту процестері тәсілдерін өзгерту

22. Қазіргі әлемде білімге деген көзқарас балалар өмір сүріп, өсіп жатқан, жылдам өзгеріп отыратын болмыспен бірге өзгеруде. Білімді баланың туылған сәтінен бастап өмір бойы жалғасатын процесс ретінде қарау білім беру процесін ұйымдастырудың икемді стандарттарын қабылдауды қажет етеді. Балалар көп уақытын білім беру ұйымдарында

өткізеді, бұл балалардың мәдени және этникалық әртүрлілікке құрмет көрсетілетін үйлесімді, мейірімді, дамытушы, инклюзивті, әділ ортада балалық шағын өткізуі үшін тиісті жағдайлар жасаудың маңыздылығын түсінуге әкеледі.

23. Бала өзінің әлем жайлы жеке түсінігін қалыптастыру құқығы мен мүмкіндігі бар оқуға белсенді қатысушы ретінде қабылдануы тиіс.

24. Мектепке дейінгі кезең – мектепке дайындық сатысы, баланың өмірлік маңызды дағдыларын дамыту кезеңі. Демек, бала өміріндегі мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту тәсілінің ұйымдастырылған оқу қызметінен баланың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, әр баланың әлеуетін барынша дамытуға жағдай жасауға қарай өзгеруі тиіс. Педагогтің алдын ала жоспарлаған әрекеттерін орындап қана қоймай, баланың қызығушылығына көңіл бөліп, күнді өзі таңдаған белсенділік түріне қарай құрудың маңызы зор.

25. Тәрбиелеу мен дамыту ерте балалық шақтан басталады, бұл ғылыми тұжырымдармен дәлелденген. Балаларды тәрбиелеуде отбасындағы жайлы жағдай, ата-аналардың моральдық қасиеттері зор маңызға ие. Сондықтан балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру қажет.

26. Бірге ойнау дағдыларын, еңбек әрекеті дағдыларын, тазалықты, тәртіптілікті, ұйымшылдықты, ойлауды, қабылдауды, сурет салуды және басқа дағдыларды меңгерту ойын нысанында іске асуға тиіс. Ойын – баланың негізгі әрекеті және дамытудың негізгі құралы.

27. Әлеуметтік-эмоционалды оқыту баланың дамуындағы маңызды компонент болып табылады. Ол өз эмоцияларын түсіну мен басқарудан, эмпатиядан және үнемі дамып отыратын қарым-қатынас дағдыларынан тұрады. Бала тәрбиешілермен және мектепке дейінгі ұйымның басқа да ересек адамдарымен қарым-қатынаста неғұрлым сабырлы болса, баланың психоэмоциялық аман-саулығының негізі болып табылатын оның эмоциялық және әлеуметтік құзыреті де сапалы дамиды. Мектепке дейінгі ұйымдар мен үйде балалардың әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын дамытуға ерекше назар аудару қажет.

28. Балаларға арналған жағдайларды ұйымдастыруға қойылатын талаптардың өзгеруі 1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін баланы дамыту процестері туралы заманауи ғылыми негіздемелерге сәйкес келтірілетін нормативтік құқықтық актілерді қайта қарауды да көздейді.

29. Заманауи әлемдік үрдістер педагогтердің әр баланың толыққанды дамуы үшін жағдай жасауға баса назар аударатынын көрсетеді, яғни баланы дамыту, тәрбиелеу мен оқыту процестеріне жеке тәсілді қалыптастыруға бағытталған бағдарламаларға басымдық беру қажет.

30. Мектепке дейінгі ұйымдарға даму бағытын дербес анықтау мүмкіндігі берілетін болады, оның негізінде балама дамыту бағдарламалары әзірленеді және педагогикалық кеңесте бекітіледі.

31. Мектепке дейінгі ұйымдар вариативтік жеке бейімделген бағдарламаларды, оқытудың әртүрлі әдістемелері мен технологияларын, білім беру процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін, тәсілдерін пайдаланады; баланың даралығы мен субъективтілігін, өмірлік қажетті физикалық, әлеуметтік, эмоционалдық, коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамытуды қолдауға бағдарланған кедергісіз дамытушы ортаны, трансформацияланатын ойындар мен тақырыптық аймақтарды құрады.

32. Педагогтер үшін балалардың жастары ескеріле отырып, оқу үшін әртүрлі ойындардың үлгілерін қамтитын апталық циклограммалардың үлгілері, түрлі жас топтарындағы балалармен ойындарды ұйымдастырудың технологиялық процесінің алгоритмі, дамытушы ойындар өткізу әдістемелері бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленетін болады.

33. Сәби жасындағы және мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту ұйымдастырылған оқу қызметі, күнделікті практика мен өзара іс-қимыл арқылы жүзеге асырылады.

34. Педагогтің рөлі – күні бойы балалармен әңгімелесуде денсаулық, қарым-қатынас, математика негіздері және білімнің басқа да салалары туралы білімді бойларына дарыту (педагог тамақтану кезінде денсаулық пен тамақтанудың маңызы туралы, серуенде табиғат туралы балаларға әңгімелеп береді). Қарым-қатынас дағдыларын педагог өзі көрсетуге тиіс. Балалармен диалог жүргізуде педагог қарым-қатынас тәсілдерін көрсетеді, әңгімелесушінің сезімін ескеру қажеттілігін түсіндіреді, сыпайылық пен адамдармен араласу қағидалары туралы айтады. Бала тәрбиесіндегі халық ауыз әдебиетінің маңызын ескере отырып, баланың ертегілер мен кітаптарға қызығушылығын қолдау қажет. Сәбилер мен мектеп жасына дейінгі балалардың ерекшелігі – олар белсенді әрекеттер мен практика арқылы үйренеді. Сондықтан ұйымдастырылған оқу қызметі тек ойын түрінде өткізілуге тиіс.

35. Білім беру салаларының міндеттері бала сол сәтте өзіне қызықты білімді өз бетінше таңдай алатын қолжетімді заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру арқылы іске асырылуға тиіс. Педагогтің міндеті – балалардың

қызығушылықтарын атап өту, оқу әрекеті барысында әр баламен сөйлесу. Сабақ нысандарын педагог таңдауға тиіс.

Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін әдістемелік қолдау

36. Мектепке дейінгі білім беру сапасының деңгейі жоғары елдерде саладағы ағымдағы проблемаларды қадағалауға және тиісті ұсынымдар әзірлеуге мүмкіндік беретін эмпирикалық және қолданбалы зерттеулер тұрақты негізде жүргізіледі, ал педагогтер қызметін өзекті ғылыми деректерге сәйкес құрады, өз әрекеттеріне зерттеу жүргізе отырып, практикаларды, балалардың пікірлерін ескереді және кері байланыс орнатады, зерттеу қызметімен тұрақты түрде айналысады. Бұл үшін педагог шеберлігінің тиісті деңгейі және үнемі даму мен оқуға деген ұмтылыс қажет.

37. Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін ғылыми негіздеу және қолдау мәселесін шешу үшін "Мектепке дейінгі балалық шақ" республикалық орталығының базасында Балаларды ерте дамыту институты, өңірлердегі әдістемелік кабинеттердің жанында балаларды ерте дамыту мәселелері жөніндегі мобильді топтар құрылады, олардың қызметіне мынадай функциялар кіреді:

1) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың педагог қызметкерлеріне білім беру бағдарламаларын, әдістемелік материалдарды, оқыту әдістерін іске асыруда, мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мен тәрбиелеуде, білім беру процесін ұйымдастыру мен басқаруда, оны психологиялық қолдауда әдістемелік көмек көрсету;

2) жұмыс тәжірибесін жинақтауды, талдауды және жүйелеуді қамтамасыз ету, жұмыстың тиімді нысандары мен олардың нәтижелері туралы деректер банкіні құру;

3) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту қызметінің бағытына сәйкес әдістемелік жұмыстың мазмұнын әзірлеу жөнінде шығармашылық топтар құру;

4) педагогтерге әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың әртүрлі нысандары арқылы кәсіби құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік жасау;

5) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту педагогтеріне педагогикалық ұжымның және жеке педагогтердің жұмыс тәжірибесімен танысу үшін жағдайлар жасау.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың сапасын бағалау

38. Білім беру қызметтерінің жоғары сапасына кешенді көшуді жүзеге асыру, мектепке дейінгі сапалы білімге барлық балалардың тең қолжетімділігін қамтамасыз ету, мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі проблемаларды анықтау үшін мынадай мәселелер бойынша зерттеулер жүргізіледі: білім беру қызметтерінің сапасы, эргономикалық жағдайлар, теңгерімді тамақтану; білім беру қызметтерінің сапасын бағалаудың бірыңғай өлшемшарттары, көрсетілетін қызметтердің сапасын өлшеу және оны арттыру бойынша шаралар қабылдау үшін мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың сапасын бағалау құралы әзірленеді; бүкіл әлемде кешенді бағалау құралы ретінде қолданылатын сәбилік шақтағы қоршаған ортаның ECERS рейтингтік шкаласын қолдана отырып, мектепке дейінгі білім беру сапасын тәуелсіз ұлттық бағалау жүйесі енгізіледі.

39. Баланың жасына және деңгейіне сәйкес келетін ресурстардың мол таңдауы бар жоғары сапалы білім беру кеңістігі баланың өзіндік оқуындағы белсенді рөлінде маңызды құрамдас болып табылады.

40. Мектепке дейінгі ұйымдарда жүргізілген мониторинг қорытындылары бойынша "көп функционалдық" параметрінің төмен көрсеткіші анықталды. Мектепке дейінгі ұйымдарда материалдық-техникалық жарақтандыруға және жағдай жасауға ерекше назар аударылатын болады, сәби жасындағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, заттық-кеңістіктік ортаның тиімділігін, қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз етуге бағытталған эргономикалық шешімдер қабылданатын болады.

41. Мектепке дейінгі ұйымдар оқыту сапасын арттыруға, еркін, мәдени, білімді, рухани дамыған және дені сау, әлеуметтік белсенді тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін жайлы жағдайлар, қолжетімді кеңістіктік-білім беру ортасын құруға тиіс.

42. Құнарлы тамақтану балалардың денсаулығы мен үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін маңызды және тиімді алғышарттардың бірі болып табылады, ол баланың қалыпты өсуіне, ағзалар мен тіндердің дұрыс дамуына, қаңқа, орталық жүйке жүйесі мен ақыл-ойдың қалыптасуына ықпал етеді, ағзаның қорғаныш күштерін арттырады.

43. Мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды теңгерімді тамақтандырудың қамтамасыз етуді зерделеу жөніндегі зерттеулердің қорытындылары бойынша заманауи ғылыми зерттеулердің деректеріне сәйкес келетін мектепке дейінгі ұйымдарда тамақтандырудың нормалары әзірленетін болады.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесіндегі педагог

44. Құбылмалы әлемде педагогтің үнемі даму, балаларды тыңдай білу, сұрақтар қою, дәлелдер іздеу, оларды сыни тұрғыдан талдау және шығармашылық эксперименттер жүргізу қабілеті маңызды. Педагогтер белсенді зерттеуші және балалармен жұмыс істеудің жаңа нысандарын жасаушы, жаңашыл және жауапты болуы тиіс.

45. Модельді іске асыру жоғары оқу орындары мен колледждердің қатысуымен мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің сапалық деңгейін арттыру мәселесін шешуде кешенді тәсілдерді болжайды:

1) жоғары оқу орындары мен колледждердің педагогикалық факультеттерінің білім беру бағдарламалары қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес кадрлар даярлауды көздеуі, тәрбиелеу мен оқыту бағдарламаларын іске асыру үшін әдістемелік базаны, студенттердің педагогикалық практикадан өтуін қамтамасыз етуге тиіс;

2) кадрларды даярлауда теория мен практиканың бірлігі үшін жоғары оқу орындары мен колледждердің мектепке дейінгі ұйымдармен балаларды ерте дамыту мәселелері бойынша өзара іс-қимылы қамтамасыз етілуі қажет;

3) балаларды ерте дамыту саласындағы мамандықтар профессор-оқытушылар құрамының сапасын арттыру арқылы жоғары оқу орындарының институционалдық әлеуетін ұлғайту мақсатында "Болашақ" халықаралық стипендиясының басым мамандықтар тізіміне енгізілетін болады.

46. Мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлері:

1) көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасына мониторинг жүргізуді;

2) дамытушы бағдарламалардың бағыттарын бірге анықтауды;

3) балаға арналған дамытушы бағдарламаларды ата-аналармен бірге таңдау мүмкіндігін ұйымдастыру үшін балалардың қызығушылығын зерделеуде педагогке көмек көрсетуді;

4) педагог практикасындағы нақты мәселелерді анықтауда оған көмек көрсетуді;

5) педагогтерге ойын аймақтарын ұйымдастыруда, оқу ресурстарын таңдауда әдістемелік көмек көрсетуді;

6) балаларды тәрбиелеу мен оқыту процесін әдістемелік сүйемелдеуді;

7) педагогтердің практикасын тәжірибе алмасуға, біліктілігін арттыруға, өзін танытуға мүмкіндік жасау арқылы жетілдіруді;

8) инновациялық тәсілдерді енгізуді жүзеге асыруы тиіс.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу үшін жағдайларды қамтамасыз ету

47. Инклюзивтік білім беруді дамыту:

1) ерекше білім беруді қажет ететін балаларға қоғамның оң көзқарасының философиясын қалыптастыру;

2) инклюзивті білім беру процесін ғылыми және оқу-әдістемелік қолдауды жетілдіру;

3) ерекше білім беруді қажет ететін балаларды білім беру ортасына қосу процесін психологиялық-педагогикалық қолдаудың практикаға бағдарланған технологияларын қолдану тетіктерін, нысандарын, тәсілдерін әзірлеу және енгізу;

4) ерекше білім беруді қажет ететін балаларды ерте анықтау жүйесін жетілдіру және психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;

5) мектепке дейінгі және мектепте білім беру деңгейлері арасында инклюзивті технологиялар сабақтастығын жүзеге асыру;

6) инклюзивті білім беруді ақпараттық-консультациялық қолдауды жүзеге асыру; қызметі инклюзивті білім беру мәселелерін шешуге байланысты ұйымдармен әлеуметтік әріптестікті дамыту (инклюзивті практиканы жүзеге асыратын мектепке дейінгі ұйымдар; инклюзивті білім беруді қолдау бойынша ресурстық орталықтар, ғылыми-зерттеу орталықтары, жоғары оқу орындары, арнайы білім беру ұйымдары, қоғамдық ұйымдар);

7) инклюзивті білім беру теориясы мен практикасының озық тәжірибесін зерделеу мақсатында шетелдік ұйымдар мен әріптестердің ынтымақтастығын тереңдету;

8) инклюзивті практиканы жүзеге асыратын мектепке дейінгі ұйымдардың қажеттілігін болжау жүйесін дамыту;

9) ерекше білім беруді қажет ететін балалар келетін топтарды қажетті білікті мамандармен қамтамасыз ету (логопед, олигофренопедагог, тифлопедагог, сурдопедагог және т.б.) арқылы қамтамасыз етіледі.

Ата-аналармен және ата-аналар қауымдастығымен жұмыс

48. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуда баланың өмірі мен дамуына ықпал ететін барлық факторларды ескеру қажет. Демек, баламен жұмысты ата-аналарымен, қоршаған ортамен өзара ынтымақтастықта құру аса маңызды. Барлық ерекшеліктерді: әлеуметтік жағдайды, отбасы тарихын, елдің мәдени ерекшеліктері мен салт-дәстүрлерін, баланың мінез-құлқы мен ерекшеліктерін ескеру қажет. Ата-аналармен үнемі қарым-қатынаста болу және оларды бейімдеу мен оқыту процестеріне тарту мектепке дейінгі ұйым ұжымының басты міндеттерінің бірі болуға тиіс.

49. Жаңа нормативтік-мазмұндық тәсілдерді іске асыру жағдайында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың алдына ашықтықты, ата-аналармен тығыз ынтымақтастықты және өзара іс-қимылды көздейтін нысаналы бағдарлар қойылады. Білім беру жүйесінің алдына қойылған міндеттер оқу-тәрбиелеу процесінің нәтижелі болуы үшін ата-аналардың жауапкершілігін арттыруды көздейді. Балаларды дамыту, тәрбиелеу және оқыту процесіне ата-аналарды тарту мәселесі мынадай бағыттарда шешіледі:

- 1) ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;
- 2) ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымның қызметіне тарту.

50. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесінің алдына балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жауапкершілікті іске асыруда ата-аналарға көмек көрсету жолымен оларды педагогикалық процеске белсенді қатысушылар ретінде тарту мақсаты қойылған. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін:

- 1) әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынас орнату;
- 2) балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру;
- 3) өзара түсіністік атмосферасын құру, мүдделердің ортақтығын, мектепке дейінгі ұйымның тәрбиеленушілері мен педагогтері, ата-аналар арасында қарым-қатынасқа деген оң көзқарас пен тілектестікті қолдау;

4) балалардың ата-аналарымен және заңды өкілдерімен сындарлы ынтымақтастықта қарым-қатынас орнату үшін педагогтерді даярлау көзделеді.

51. Ата-аналармен жұмыста ата-аналар жиналыстарының жаңа форматтары пайдаланылатын болады, олар тренингтер, семинарлар, "игі істер күндері", ата-аналардың қатысуымен педагогикалық кеңес, ата-аналар конференциясы, ата-аналармен бейресми байланыс орнатуға, олардың назарын мектепке дейінгі ұйымға аударуға бағытталған дәстүрлі емес қарым-қатынас нысандары түрінде өтуге тиіс, ата-аналар өз баласын жақсы білуі керек, оны басқа, өзі үшін таныс емес жағынан көруі тиіс, педагогтермен өзара қарым-қатынаста болуы қажет. Жеке және топтық консультациялар, ата-аналар жиналыстарын, проблема бойынша пікірталастар, "ауызша журналдар", педагогикалық қонақ бөлмелерін, сұрақ-жауап кештерін, "ток-шоу" өткізу, сабақтардың бейнежазбаларын және режимдік сәттерді қарау, содан кейін талқылау және басқалары ұсынылады. Мектеп жасына дейінгі ересек балалардың ата-аналары үшін белсенді студия интерактивті әдістерін қолдану, сұхбаттасу, талқыланатын проблеманы рейтингтік бағалау, әрқилы бірнеше көзқарасты талқылау ұсынылады.

4-тарау. Күтілетін нәтижелер

52. Модельді іске асыру:

1) мектепке дейінгі ұйым деңгейінде:

мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылы арқылы бақытты, дені сау, дербес, білуге құмар, тіл табысқыш, сын тұрғысынан ойлайтын балалардың толыққанды дамуы үшін жағдай жасауға;

вариативтік оқу бағдарламаларын әзірлеуге, оқытудың әртүрлі әдістемелері мен технологияларын, білім беру процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін, тәсілдерін пайдалануға;

баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған трансформацияланатын ойын және тақырыптық аймақтар, инклюзивті дамытушы орта құруға;

ұлттық мәдениет пен дәстүр арқылы рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде баланың жеке қасиеттерін қалыптастыруға;

отбасымен ынтымақтастық нысандарын кеңейтуге;

теңгерімді тамақтандырудың кешенді бағдарламасын әзірлеуге;

мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың сапасын бағалау өлшемшарттарын әзірлеуге;

сәби жасындағы балалар үшін жағдай жасауға;

2) педагогтер деңгейінде:

қазіргі жағдайларда жұмыс істеу үшін білікті педагогтер даярлауға;

педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз етуге;

баланың даму процесін жетілдіру мақсатында кері байланыс орнатуға, зерттеу мәдениетін құруға;

қазіргі жағдайда жұмыс істеуге қажетті құзыреттерді дамытуға;

"мамандыққа кіріспе" курстарынан өтуді (жас мамандар үшін) қамтамасыз етуге;

3) балаларға:

физикалық аман-саулықты;

әлеуметтік-эмоционалдық құзыреттілікті;

когнитивтік және қарым-қатынас дағдыларын дамытуды;

таным мен зерттеуге деген жоғары ішкі мотивацияны дамытуды;

бастамашылдықты, дербестік пен жауапкершілікті дамытуды;

өзіне және айналасындағыларға қамқорлық көрсетуді;

өз бетінше саналы таңдау жасай білуді;

командада жұмыс істей білуді;

сын тұрғысынан ойлауды дамытуды;

креативтілікті қолдауды;

психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз етуге;

4) ата-аналарға:

білім беру процесінің қатысушылары болуға;

баланың психикалық және физикалық денсаулығын сақтауды қамтамасыз етуге;

баланың жеке мүмкіндіктерін дамытуға;

көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану деңгейін арттыруға;

үйде баланың толық дамуы үшін жағдай жасауда консультациялық көмек алуға мүмкіндік береді.

Әртүрлі жастағы топтарда күні бойғы қозғалыс режимі Кеңес

Дене шынықтыру жетекшісі: А.Б.Телғарин

Денсаулық – адамның табиғаттан алатын бірден-бір бағалы сыйлығы. Оны шыңдау үшін, әр адам өзінің ағзасын шамасынша шынықтырып, салауатты өмір сүруге ұмтылуға тиіс. Бұл ұмтылыс жас шағынан басталғаны өте дұрыс екенін өмірден байқауға болады. Денсаулық сақтау технологиясының мақсаттарына жету – дене шынықтыру сабақтары, денені сауықтыру жұмыстары, түрлі гимнастика, сергіту сәттері, түскі ұйқыдан кейінгі шынықтыру жаттығулары, ойындар арқылы іске асырылады. Баланың жеке бас тазалығын сақтау ережелерін қалыптастыру, дене жаттығуларын, қозғалыс ойындарын, сергіту сәттерін, табиғи әдістермен (күн, су, ауа) ағзаны шынықтыруды ұйымдастыру, пайдалы дағдыларды дарыту, зиянды әдеттерден сақтандыруды үйрету күнделікті өткізілетін іс-шара болып табылады. Технологияның бір бөлімі – сергіту жаттығулары, баланың жұмыс қабілетіне, ойлау жүйесіне игі әсер етіп, жүйкесін, сезімталдығын арттырып, денсаулығын нығайтып, зейінін тұрақтандырады. «Денсаулық сақтау» технологиясының басты шараларының бірі – шынықтыру шаралары. Балаларды «денсаулық жолдарымен»: массаждық кілемшелер, түймелі, тығынды, бұршақты кілемшелер, иректі тақтайша, кішкене тасты, құмды қораптармен жүргізу, бүлдіршіндердің қоршаған ортадағы температура өзгерісіне шыдамдық танытатын ағза қалыптастыру, шынықтыру шараларының негізі болып табылады.

Денсаулық сақтау технологиялары – бұл балалардың денсаулығының сақтауы және дамытуы бойынша білім беретін кеңістік жұмысының жүйесі. Денсаулық сақтау технологиялары – балалардың денсаулығын сақтау мәселесін үстірт емес, сезініп, балалардың өзіндік жеке даму ерекшеліктерін есепке алып шешу.

Тәрбиеші баланың денсаулығын сақтай отырып білім беруде ең алдымен баланың диагнозын, әлеуметтік жағдайын жақсы білу керек. Ол үшін балабақша дәрігерімен, мамандарымен және тәрбиеші көмекшісімен қарым-қатынас өте тығыз болуы тиіс. Олармен кеңесе отырып және әр баланы жеке зерттей отырып түзете білім беру жоспарын құру қажет.

Балабақшада күн кестесіне сәйкес жұмыс күнін денсаулық сақтаудың тиімді әдісі – таңғы жаттығудан бастайды. Ертеңгілік жаттығулардың орындалу барысында балалардың бойында жинақылық, шапшаңдық, дене бітімінің түзу, әрі сымбатты, жүрісінің жеңіл болуы қадағаланады. Жаттығулар денедегі зат алмасуын жақсартады, мойын, иық, бел, іш, арқа, балтыр бұлшық еттерін қатайтады, жүйкесін нығайтады, бала өзін-өзі сергек сезінеді, көңіл – күйі көтеріледі. Қимыл-қозғалыстар бір орында тұрып жүруден бастап, аяндап жүрумен аяқталады. Жаттығу түрлері ай сайын алмастырылып отырылады. Жылы күндері аулада, салқын күндері спорт залында өткізіледі.

Технологияның бір бөлімі – сергіту жаттығулары, баланың жұмыс қабілетіне, ойлау жүйесіне игі әсер етіп, жүйкесін, сезімталдығын арттырып, денсаулығын нығайтып, зейінін тұрақтандырады. «Денсаулық сақтау» технологиясының басты шараларының бірі – шынықтыру шаралары. Балаларды «денсаулық жолдарымен»: массаждық кілемшелер, түймелі, тығынды, бұршақты кілемшелер, иректі тақтайша, кішкене тасты, құмды қораптармен жүргізу, бүлдіршіндердің қоршаған ортадағы температура өзгерісіне шыдамдық танытатын ағза қалыптастыру, шынықтыру шараларының негізі болып табылады. Балабақша тәрбиеленушілеріне маусым өзгешеліктеріне орай аурудың алдын алу шаралары ретінде итмұрын шырыны мен дәрумендер, балық майы беріледі. Қыс айларында балалардың мойнына сарымсақ тұмаршалары ілінеді, қабылдау бөлмелерінде тәрелкелерде салынып тұрады. Балалардың денесін шынықтырудағы маңызды бөлігі – түскі ұйқыдан кейінгі жаттығулар. Көзделетін мақсат: ұйқыдан баланы біртіндеп ояту арқылы сергектікке, дене бітімінің дұрыс қалыптасуына көңіл бөліп, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу. Түскі ұйқыдан кейінгі кешенді жаттығулар кез келген жайлы бөлмеде классикалық музыканы, табиғат әуендерін пайдаланып жүргізіледі.

Бекітілген жоспар бойынша ата–аналар, тәрбиеші олардың тәрбиеленушілерімен біріккен алуан түрлі спорттық сайыстар, жарыстар, «денсаулық күндері» жыл бойы өткізілуде. Мәселен, «Көңілді эстафета», «Біз – спорттық отбасы», «Спорт – біздің досымыз», т.б.

Балабақшада ұлттық ойындарды үйретіп, ойнату үнемі жоспарланады. Қазақ халқының бала денесін жетілдіру әдістері, оларды қолдану жолдары әрқашан ескеріліп отырылады. Өйткені, ата-бабаларымыз балаларын ат құлағына ойнатып, қырда жарыстырып, шабандоздыққа, отбасының тіршілігіне үйреткен. Осы ұлттық дәстүрді ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыру мақсатында балабақшамыздың әр топтарында ұлттық нақыштағы қимыл-қозғалыстарына арналған жаттығулар мен ойындар әрдайым жүргізіледі. Балабақшамызда аудандық «Балабақшада түскі ұйқыдан кейінгі шынықтыру жаттығулары», «Мектепке дейінгі мекемеде сауықтыру-шынықтыру шараларының маңызы» атты семинарлар өткізілді. Семинар барысында педагогтармен пікір алмасып, ой бөлістік. Қазіргі уақытта мұндай жан-жақты үйлесімді дамыған адамзат тәрбиелеудің негізі мектепке дейінгі ұйымдарда күн тәртібінде қолданудан, дене тәрбиесі сабақтарын жақсартудан және оның маңызын халықтық тәрбиемен ұштастырудан қаланады. Жаңа стандарт бойынша үнемі балалардың іс-әрекетінің даму деңгейі мен берілген талаптарды орындау барысындағы көрсеткіштер шығарылады.

«Денсаулық сақтау» технологиясы бойынша бұл өткізіліп жатқан шаралар баланың аурудың алдын алуға деген алғашқы қадамы болып саналады. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келмек болсақ, «Сау дене, азат ақыл, адал көңіл, үшеуімен болады бақыт өмір», -деп сыршыл ақын Мағжан Жұмабаев айтқандай, мектепке дейінгі мекемелердің әрбір ісі жан-жақты жарасымды, рухани бай тәрбие берумен қатар, денсаулығы мықты болашақ өсіруге бағыттау баршамыздың міндетіміз.

Ұлы ойшыл Вергилий «Ешкім бәрін білуші де, бәрі қолынан келуші де бола алмайды» деп айтқандай, әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланып балаларды денсаулығын сақтауға үйрету керек.

Баланың кіші жастан өз денсаулығын күте білуге үйрете отырып, дені сау, қайратты азамат етіп шығару еліміздің мектепке дейінгі мекемелерінің оқу-тәрбие ісінде басты мақсатқа айналып отыр. Ендеше оқу-тәрбие жұмысының ұйымдастырылуы алдымен баланың денсаулығын сақтай жүргізуге бағытталуы тиіс. Денсаулығы түзу болмаған баланың толыққанды білімі мен тәрбиеге ынтасы бола қоймайтынына күнделікті өмірде көз жеткізіп жүреміз. Мектепалды даярлық тобында баланың денсаулығын сақтау мен нығайтуға көп көңіл бөлінеді. Өйткені дені сау бала оқу процесіне белсене араласады. Әрдайым жайдары көңіл-күйі жоғары болады. Денсаулық бұл баланың физиологиялық-психикалық мүмкіндігін толықтай анықтайтын негізгі жағдайлардың бірі.

Балалардың денсаулығы келесі факторларға тікелей байланысты болады:

- ата –ана денсаулығы;
- экология;
- өмір сүру жағдайы;
- баланың мектепке дейінгі ұйым және отбасындағы тәрбиесі.

Мектепалды даярлық тобындағы балалардың денсаулығын қалыптастыру бойынша жүргізілетін негізгі жұмыс бағыттары:

- дене шынықтыру мен сауықтыру, шынықтыру шараларының комплексінің жүйесін дамыту.
- дене мүшесінің бұзылуы мен май табанының алдын алу және түзету;
- үйлесімді қимылдық тәртіп тұрғызу;
- жиі ауыратын балалармен сауықтыру шараларын ұйымдастыру.

Мейірбикенің көмегімен дене дамуында ауытқушылығы бар және жиі ауыратын балалармен сауықтыру, шынықтыру, аурудың алдын алу шараларын жүргізілуі.

1. Шынықтырудың дәстүрлі формалары: ауаны тазарту, су құю, даладағы қабылдау, күн сәулесімен шынығу, жалпы және жартылай су процедураларын жүргізу – ығалды сүртіну, аяққа, денеге су құйыну, тұзды алаша, жалаңаяқ жүру.

2. Ұтымды –қимылды күн тәртібін ұйымдастыру: жаттығулар, жүгіру, сазды-би қимылдары, гимнастика, сауықтыру және алдын алу жаттығулары.

3. Әдеттен тыс сауықтыру шаралары:

- Ауамен шынықтыру;
- Психогимнастика;
- Өзін-өзі сылау;
- Дене мүшелерін босаңсыту жаттығулары.

Мектепке дейінгі ұйымдардың жұмысына жаңа технологиялар енгізуде, ең алдымен бақытты балалық шақты қамтамасыз ету – бұл әрбір баланың жан-жақты және қазіргі заман талабына сай дамуына, оның көңілінің тыныштығына, денсаулығына қамқорлық жасауды басшылыққа алып алдағы уақытта мынадай қорытынды жетістіктерге қол жеткізуді көздейміз:

- Балалық кезеңде денсаулықты жоғалтпау;
- Денсаулықтың соматикалық көрсеткіштерін жақсарту;
- Гигиеналық мәдениет қалыптастыру;
- Салауатты өмір сүру салтын ұстану қажеттілігін және оған мүмкіндік туғызу;
- Дене шынықтыру тәрбиесін баланың жас және жеке ерекшеліктеріне байланысты даралау;
- Дене тәрбиесінің үздіксіз жүйесін құру.

Мемлекеттің болашағы — жас ұрпақ. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» демекші, бүлдіршіндердің бойына ұлттық салт-дәстүрді сіңіріп, оларды халықтық тағылым нәрімен сусындатып, танымдық жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу керек.

Ұлтық ойындар денсаулық сақтау технологиясында өзінің бір орынын алады. Қимыл, қозғалыс техникасымен және олардың орындалуындағы қолдануға болатын әртүрлі әдіс-тәсілдерді ұсыну. Спорттық жаттығуларға, жарыстарға, сайыстарға қызығушылықтарын арттыру. Өз қимыл- қозғалыстық мүмкіндіктерін жақсартуға ынталандырып, олардың орындалуына шығармашылық тұрғысынан қарау қажет. Әртүрлі жағдайда кеудені тік ұстауды үйрету.

Бағытты түрде физиологиялық қасиеттерді және жалпы төзімділікті, шапшаңдылықты, жүйріктікті, тәсілқойлылықты, тепе-теңдік сезімі мен қимыл - қозғалыс координациясын дамыту. Амалшылдық, тапқырлықты бойларына дарыту. Балаға көзбен шамалауды үйрету. Спорттың әр түрімен таныстырып, спорттық үлгі-нұсқаларға беріп отыру.

Дүние жүзіндегі денсаулық сақтау саласы елдің даму және нығайту тарихын көрсетеді. Бүгінгі күні елдің денсаулығы қиын жағдайда, сондықтан да кең түрде сауықтыру бағдарламасы керек. Соның бірі – массаж. Кейбір жаңалықтардың ашылуы да тез, жабылуы да тез. Ал бұл жаңалықтың болашағы бар және ол одан әрі дамып, көркейеді. Әрбір адам, жас баладан, егде кісіге дейін, осы әдіс арқылы өзін-өзі емдей алады. Адамның қол басы мен аяқ табан бұлшық етпен байланысты болады. Сондықтан да, Пак Чжи Вудың айтуы бойынша, адамға қозғалыс қажет.

Қазіргі уақытта көп факторлы сыртқы әсерлердің талдауына, әр баланың денсаулығының мониторингіне, оның ағзасының ерекшеліктерінің есебіне негізделген балалармен тәрбие сауықтыру жұмысына жаңа әдістемелер іздеу, белсенді түрде жүріп жатыр. Балалармен сауықтыру жұмысында балалардың дұрыс тыныс алуына үйренуі маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Дұрыс тыныс алу- бұл көптеген аурулардың алдын алады; адамның денсаулығы, физиологиялық және ақыл-ой қызметі оның тыныс алу қызметіне байланысты сонымен қатар, дұрыс тынысалуы әр түрлі емдік әсер береді. Ырғақты демнің екпінімен шығуы- шаршаудан арылудың бір де бір құралы. Баяу ырғақта демалу, тыныс алу кезінде кідіріс жасауға да болады. Қан айналымын белсенді ететін көміртегінің мөлшерін, артылған мөлшерінің жиналып қалуына әсер етуі жүрек қан тамырларының және де мидың

жақсаруына себепші болады яғни қан айналымын күшейтеді. Демалу бұлшық еттерінің шынығуы физиологиялық жұмыс қабілеттілігін және шыдамдылықты арттырады.

Салауатты өмір салты қажеттіліктерін қалыптастыру. Допты лақтыруға жаттықтыру. Әртүрлі жаттығуларда, доппен ойнайтын ойындарда және басқада құрал - жабдықтармен балаларды өз мүмкіндіктерін көрсетуге баулиды.

Денсаулық саласында массаж бағыты да кіреді. Массаж халықтық медицинаның үлкен бір бөлігі. Ол барлық жер шарына кеңінен таралған, сондықтан емдеу әдістерінің ең негізгісі болып табылады. Массаж адам денесіне мөлшермен берілетін механикалық тітіркендіру. Массаж өкпедегі зат алмасуын үдетеді, тыныс алу үшін оның тереңдігін, жиілігін, өкпенің қимылын, тіпті кеуде қуысының дем алуға дұрыс қатынасуын реттеп, бір жүйеге түсіруге үлкен көмек көрсетеді. Адам денесінде болып отыратын зат алмасулардың бәріне әсер етеді.

№39 «Достық» бөбекжай балабақшасы

Баланың сезім аясын дамыту Кеңес

Психолог: Ғ.Н.Абилова

Ақтөбе қаласы

БАЛА ДАМУЫН ӘЛЕУМЕТТІК-ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ҚОЛДАУ

Баланың әлеуметтік және эмоционалды дамуы (психикалық денсаулық) – оның эмоцияларын басқаруы және басқаларға деген көзқарасын қамтиды. Сол себепті баланың әлеуметтік-эмоционалды дамуы да физикалық денсаулығы сияқты маңызды. Әлеуметтік және эмоционалды даму физикалық денсаулық сияқты көзге анық көрініп тұрмаса да, бірақ ол баланың алдағы уақытта мектепте және өмірде табысты болуы үшін маңызды болып табылады.

Негізден бұл маңызды?

Баланың әлеуметтік және эмоционалды дамуы оның өмірінің әр саласына әсер етеді. Әлеуметтік және эмоционалды дағдылары жақсы дамыған балалар басқа балалармен достасып, достықтарын сақтай біледі; өз эмоцияларын білдіреді және басқаның эмоциясын түсінеді; заттарды таниды, басқаның әрекетінен көңіл-күйді байқауға бейім; ойы анық және жаңа заттарды таниы.

2 - 5 жас аралығы мектеп жасына дейінгі балалардың психикалық дамуында үлкен маңызға ие. Бұл жас аралығында баланың тұлғалық негіздері қалыптасады. Баланың өсуі кезінде оның эмоционалды өмірі күрделене түседі: эмоциялар мазмұны байытылады, жоғары сезімдер қалыптасады.

Ерте балалық кезеңде балалар өз эмоцияларын басқара алмайды, сезімдері де тұрақсыз болады. Бұл жаста бала тез ренжіп, тез алданады. Мектеп жасына дейінгі баланың эмоционалды сферасының дамуына сәйкес көңіл-күйі де тұрақталады, ойланып әрекет етуге дағдылана бастайды.

Баланың эмоционалды саласының дамуына оның барлық іс-әрекеттері, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынасы ықпал етеді. Ол өзінің сезімдерін ғана емес, сонымен қатар басқа адамдардың сезімдерін де түсінуді үйренеді; эмоционалды жағдайларды сыртқы көрінісі бойынша, мимика мен пантомимика арқылы ажырата бастайды.

Әлеуметтік-эмоционалды тұрғыдан дамыған бала жаңа өмірлік жағдайларға сәйкес орын алған өзгерістерге бейімделе алады. Эмоциялардың қалыпты дамуының көрсеткіші деп баланың ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынасы жағымды эмоциялардың қалыптасуына ықпалы етуін атауға болады. Баланың

күнделікті өмірінде жағымсыз эмоциялардың басым болуы, баланың жиі мазасызданып, жылауы оның психикалық денсаулығына кері әсерін тигізуі мүмкін. Мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дамуының ерекшеліктерін зерделеу негізінде баланың ішкі әлемі мен әлеуметтік қоршаған ортасы арасындағы өзара әрекеттестікте біршама қарама-қайшылықтың бар екендігін көрсетті. Олар:

- баланың қоршаған әлемді тануға деген қызығушылығы мен ашықтығы, ересектердің және құрдастарының сеніміне ұмтылысы мен тұлғааралық қарым-қатынас барысында туындайтын түрлі қатыгездік, қаталдық, агрессиядан туындаған мазасыздық арасындағы қарама-қайшылықтың орын алуы;
- баланың ішкі әлемінің нәзіктігі, тез өкпелегіштігі мен басқаның көңіл-күйін қабылдағыштығы, басқаның айтқанына тез ергіштігі арасындағы қарама-қайшылықтың орын алуы;
- мектеп жасына дейінгі балалардың әртүрлі мінез-құлық үлгілерін меңгеру мен орын алған жағдайға жауап қайтарудың әлеуметтік моделін қалыптастыру арасындағы қарама-қайшылықтың орын алуы (А.А. Люблинская).

Аталған қарама-қайшылықтар мектеп жасына дейінгі балалардың дамуына әлеуметтік-эмоционалдық қолдау көрсетудің өзекті екендігін және баланың толыққанды қалыптасуы үшін аса маңызды екендігін көрсетеді.

Баланың толыққанды және еркін даму құқығын іске асыру кез-келген білім беру ұйымы қызметінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Жалпы балабақшада балалардың жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып тәрбиелеу мен оқытудың тұтастығын қамтамасыз етуде интеграциялық тәсілдемеге баса назар аудару маңызды. (Технологии сопровождения социально-эмоционального развития детей 2–5 лет с разными возможностями здоровья: учебное пособие / сост. Л.В. Доманецкая, Е.Ю. Дубовик; Краснояр. гос. пед. ун-т им. В.П. Астафьева. – Красноярск, 2014. – 124 с.).

Балабақшада баланың қолайлы көңіл
күйін қамтамасыз ету.Заттық
дамытушы ортаны жабдықтау.

Кеңес

Әдіскер: Г.Б.Ұзақбай


Заттық-кеңістік дамытушы орта

Бірқатар зерттеулер педагогтің басты объектісі ретінде баланың өзі емес, оның тұлғалық қасиеттері мен қабілеттері емес, тіпті оның мінез-құлқыда емес, баланың өмір сүру жағдайы қарастырылуы тиіс екендігін дәйекті түрде әрі жан-жақты дәлелдеген. Бұл жағдайларға төмендегілер жатады:

-жағдайдың сыртқы факторлары—яғни, ашық кеңістікте, таза ауада оқыту. Қабырғалармен шектелмеген кеңістік баланың барлық қажеттілігін қамтитын—танымдық, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік және физикалық оқытудың біртұтас ортасы болып табылады (Билтон, 2010).

-жағдайдың ішкі факторлары —өзіне тиесілі, өзінің қатысы бар ортада немесе бөлме ішінде оқыту. Гринманның(2008)тұжырымдауы бойынша, үй-жайда немесе бөлме ішінде оқыту ортасына жағдайда дамудың барлық салаларын қамту арқылы тексерілетін мол әлеуметтік, коммуникативтік, танымдық тәжірибе береді,сонымен қатар тұрақты әрі үнемі бақылауда болады.

-жағдайдың эмоционалдық факторлары—жақсы көңіл-күй факторы физикалық кеңістіктен анағұрлым маңыздырақ болып табылады. Ол осы ортадағы адамдардың сезім-күй эмоцияларын қамтиды және «сезінудің» көзге көрінбейтін өлшемі болып табылады



5-сурет. Оқыту ортасы

Глисон және Нарвес: «Балаларды оқыту ортасының әртүрлі аспектісі бойынша дамыту сапалы тәжірибе мен оқу ортасының қалыптасуына ықпал етеді. Мұндай факторларға уақыт, оқытатын орын және қарым-қатынас жатады» деп пайымдайды(BuilingFutures, 2004).

Дұрыс ұйымдастырылған оқыту ортасы әрбір балаға өзіне жақын іс-әрекетті табуға, өзкүш-жігерімен қабілетіне сенуге, педагогтермен және құрдастарымен өзара әрекеттестікке үйренуге, олардың іс-әрекеттерімен сезімдерін түсінуге және бағалауға мүмкіндік береді. Балалардың еркін әрекеті оларға педагогтен дайын білімді алуға емес, ізденісті жүзеге асыруға,

зерттеуге қосылуға көмектеседі, ал бұл өз кезегінде қызығушылық, бастамашылдық, дербестік сияқты сапаларды, шығармашылық өзін-өзі іске асыру қабілетін дамытуға жағдай жасайды.

Оқыту ортасы оқу бағдарламасы аясында іске асырылатын оқыту процесін бейнелеуі тиіс. Бұл тұрғыда педагог мыналарды есепке алу тиіс:

- физикалық ортаны;
- оқытудың танымдық ортасын;
- оқытудың эмоционалдық ортасын.

7-кесте.	Балаларды бөлу	Оқыту ортасына қойылатын талаптар	Басқа бөлмелерді пайдалану
Физикалық ортада жайлылықты қамтамасыз ету шарттары мен талаптары ҰОӘ			
Дене шынықтыру	Жеке топтарға (мысалы, ұл балалар жеке, қыздар жеке) бөлу	Сабақтар спорттық ғимараттарда өтуі, құрал-жабдықтар оқу бағдарламасына сәйкес болуы тиіс.	Мектепке дейінгі ұйымның ауласында шаңғы жолын, денсаулық жолын және т.б. салуға болады
Тіл және әдебиет	Сабақтың түрі мен құрылымына қарай	Сабақтар көп жағдайда топтарда өткізіледі, жиназдардың орны ауыстырылуы мүмкін. Көрнекі материалдар мен құралдар қолданылады.	Сабақтарды компьютерлік сыныпта, акт залында, кітапханада және т.б. өткізуге болады.
ҚМҰҚ	Сабақтың түрі мен құрылымына қарай	Сабақтар көп жағдайда топтарда өткізіледі, математикалық құрал-жабдықтар, тегіс және көлемді фигуралар жинақтары қолданылады.	Сабақтарды Интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныпта (5 балаға 1 компьютер) өткізуге болады.
Музыка	Қажеттілік бойынша	Сабақтар музыкалық аспаптармен (акустикалық рояль,	

		баян, синтезатор, музыкалық орталық, компьютер, ноталық сызғышы бар тақта және т.б.) жабдықталған арнайы жеке кабинетте өткізіледі.	
Жаратылыстану	Тәжірибелік жұмыстарды, оқу серуендерін, бақылауды жүргізу үшін кішігірім топтар ұйымдастырылад ы	Жылы және суық суы, шұңғылшалар (сливные раковины), арнайы беткі қабатпен қапталған үстелдері бар бөлмелерде, топтарда өткізіледі. Оқу бағдарламасына сәйкес эксперименттік тәжірибелік жұмыстарды өткізуге арналған құралдар мен материалдар қолданылады.	Оқытуды ашық ауада, компьютерлік сыныпта өткізуге болады.


Қазіргі білім берудегі маңызды проблема – балаға үлкен көлемдегі және кең ауқымды ақпарат қолжетімді. Артық ақпарат негізгі және маңызды ақпаратқа зейінді шоғырландыруға бөгет жасайды. 5-6 жастағы балалар ақпаратты өңдеуге, маңыздылығы мен пайдалылық дәрежесі бойынша орналастыруға, сақтауға және қайта өңдеуге әлі қабілетті емес. Осыған орай танымдық орта мақсатқа бағдарланған және қолжетімді болуы тиіс, пәнаралық кеңістікті, психологияны, тілтануды (лингвистиканы) және жасанды интеллектіні қамтуы қажет.

Адам қоршаған әлемді ақыл-ой репрезентациялары, яғни семантикалық жүйелер, танымдық сызбалар, тақырыптық бұрыштар және т.б. көмегімен қабылдайды және таниды. Егер педагог оқу материалын ұсынудың ресурстары мен амалдарын алдын ала ойластырса,

онда оқытудың танымдық ортасы баланың есте сақтауын, қиялы мен ойлауын дамытуға қолдау көрсетеді.

5-6 жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуда маңызды құрал – бұл семантикалық жүйені, оның иерархияға немесе топтастыруға жататынын түсіну. Мысалы, адамдарды ер адамдар, әйелдер, ересектер, балалар деп жіктеуге болады. Балаларға «бүтін-бөлік» қатынасын меңгерту де маңызды болып табылады. Бұл қатынас ақпаратты нақтылау деңгейлері бойынша бөлуге мүмкіндік береді.

Танымдық (когнитивтік) сызбалар – ұзақ мерзімді жадыда із қалдырған ақпарат. Мысалы, бала, отбасы және ағаштың суреті барлық балалар үшін бірдей көрінеді.



Тақырыптық бұрыштар – балалардың сөйлеуін, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін ойын материалдарын пайдалану. Әрбір бұрыш білім беру саласының ресурстары мен материалдарын, дидактикалық және көрнекілік материалдарын, жас ерекшеліктеріне сай түрлі ойындарды қамтуы тиіс.

Р.И. Айзман, И.Н. Брехман, Э.Н. Вайнер және т.б. ғалымдардың пікірлері бойынша, қазіргі оқу процесі балаға оның менталдық және физикалық мүмкіндіктерінен асып түсетін талаптарды ұсынады. Оқытудың жағымды эмоционалдық ортасы табысты педагогикалық іс-әрекет үшін үлкен маңызға ие, баланың оқу материалын жақсы меңгеруін қамтамасыз етеді, тұлға ретінде қалыптасуына, толыққанды дамуына оң ықпал етеді.

Мектеп жасына дейінгі балалар барлық айналадағы заттар мен құбылыстарға қатысты эмоциялық әсерде болады, олар эмоциялық әсермен боялғанның барлығын жеңіл қабылдайды және есте сақтайды. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда эмоциялар ерекше рөл атқаруы тиіс. Балалар құрдастарымен және ересектермен арада орнатуға тырысатын эмоциялық байланыс, тікелей эмоционалдық қарым-қатынас кез келген бала үшін айрықша әсер ететін оқиға болып табылады.

Эмоционалдық білім беру ортасы балалардың табысты тұлғалық даму мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді, олардың жағдайын реттеп отырады, білім беру процесіне қатысушыларды стресс пен оқуға деген жағымсыз көзқарастан қорғайды. Оқытудың эмоционалдық ортасын құруда педагогтің кәсіби әрекеті маңызды рөл атқарады. Егер педагог эмоционалдық ахуалды қалыптастырудың педагогикалық дағдыларын және өзін-өзі реттеу технологияларын жақсы меңгерген болса, оның жоғары шеберлігі туралы айтуға болады. Баланың эмоционалдық салауаттылығына педагогтың жеке имиджі, оның тұлғалық және кәсіби қасиеттері мен көзқарасы әсер етеді.

Баланың эмоционалдық жағдайына әсер ететін педагогикалық қабілеттер:

- дидактикалық (балаларға оқу материалын эмоционалды жеткізу қабілеті);
- перцептивті (баланың ішкі дүниесін түсіне білу қабілеті);
- тілдік (өз ойы мен сезімдерін анық және нақты жеткізе алу қабілеті);
- педагогикалық интуиция (өз әрекетінің салдарларын болжай алу қабілеті);
- авторитарлық (балаға ықпал ету қабілеті);
- рефлексиялық (тиісті сала мен ғылымға қабілеттілік).

Мектепалды даярлық жасындағы балалардың ең жақсы көретін әрекетінің бірі сурет салу болып табылады. Сурет баланың жағдайын нақты бейнелейді және оның мінез-құлқын суреттегі түстер, суреттің белгілі бір форматта орналасуы, көлемі, баланың қарындашты басып жазу күші, суреттің тиянақтылығы мен детальдарын бейнелеуі, суреттегі адам жүздерінің келбеті, тұрысы, әртүрлі қырлары және т.б. арқылы анықтауға болады.

Сонымен оқытудың эмоционалдық ортасы педагогтің кәсіби қасиеттеріне және тәрбие мен оқытуға арналған білім беру ортасының қолайлы болуына байланысты.

**Ата-аналармен тиімді қарым қатынас орнату және
өзара әрекеттесу.**

тренинг

Әдіскер: Г.Б.Ұзақбай

Ата-анамен және ата-аналар қауымдастығымен жұмыс

Ата-ана, отбасы әлеуметтік-психологиялық феномен ретінде күрделі құрылымнан тұрады және өзара әрекеттестіктегі барлық субъектілердің (ата-аналар мен балалардың) қажеттіліктерін қанағаттандыру, олардың психологиялық салауаттылығын қалыптастыру үшін оңтайлы жағдайлар жасау тұрғысынан ата-аналық міндетті атқару сапасын білдіреді. Сонымен қатар қалыптасу үдерісі әке мен ана рөліне, олардың жауапкершілігі мен міндеттерін бөлісуге қатысты өзара келісілген түсінік-көзқарастармен сипатталады. Мұндай келісілген көзқарас алдымен теориялық деңгейде іске асырылады, ал бала өмірге келгеннен кейін, күнделікті тәжірибе жүзінде іске асырыла бастайды. Оның дамыған формасы тұрақтылық пен бірқалыптылық сипатына ие болып, өздерінің жауапты миссиясы туралы ерлі-зайыптылардың өзара ақылдасып келісуі арқылы жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуда баланың өмірі мен дамуына ықпал ететін барлық факторларды ескеру қажет. Демек, баламен жұмысты ата-аналарымен, қоршаған ортамен өзара ынтымақтастықта құру аса маңызды.

Ата-анамен және ата-аналар қауымдастығымен жұмысты ұйымдастыруда келесі мәселелерді:

- 1) отбасының әлеуметтік жағдайын;
- 2) отбасы тарихын;
- 3) елдің мәдени ерекшеліктері мен салт-дәстүрлерін;
- 4) баланың мінез-құлқы мен ерекшеліктерін ескеру қажет.

Ата-анамен жұмыс істеудегі артықшылықтар мен кедергілер.

Артықшылықтар	Кедергілер
a) Ата-аналар өз балалары үшін алғашқы ұстаз болып табылады, себебі олар өз баласының ерекшеліктерін біледі. Өзара оқыту және баланың қажеттіліктерін түсінеді.	1) Практикалық аспектілер, мысалы, уақыттың болмауы, жұмысбастылық.
b) Ата-аналардың алдында есеп беруге көмектесу	2) Қарым-қатынас стилі, мысалы, екіпіні мен тіл. Ата-анаға баланың дамуы туралы өктем сөйлеу, т.б.
c) Ерте оқыту мекемесі мен отбасы арасындағы жанжалды баланың дамуына сенім және бейімділік негізінде азайту.	3) Тәртіп орнату, мысалы, ата-аналар қашан шақырылатыны және қандай мақсатпен шақырылатын қатаң шеңберде бекітіп, басқа уақытта ата-анамен қарым-қатынас жасауға ұмтылмай. Баланың дамуындағы көрсеткіштері туралы уақыты кері байланыстың болмауы.
d) Ата – аналар балалардың ойынын ұйымдастыруда маңызды рөл атқара алады, мысалы өз білімдерін қолдану, білім мен тәжірибені қабылдау.	4) Сенімнің жетіспеушілігі, мысалы, тәжірибесі аз педагогтер (жас мамандар) ата-аналармен мәселелерді қалай шешуге болатынын білмейді
e) Ата-аналардың балабақшаның жұмыс принципін түсінуі құнды тәжірибе болып табылады.	5) Сенім мен түсінушіліктің болмауы, мысалы, егер ата-аналар/қамқоршылар өзара іс-әрекетті бағаламаса
f) Балалар өз ата - аналарын балабақша жағдайында педагогпен бірлесіп әрекеттескендігін көруі маңызды.	6) Ата-ананың балабақша өміріне қатысуын тоқтатуы, мысалы, ата-ананың жұмыс бастылығы бала өміріндегі маңызды мәселелерді назардан тыс қалдыруы, уақытылы байқай алмауы, соған байланысты балаға тиесілі қолдауды көрсете алмауы
g) Көптеген балалар үлкендермен қарым-қатынас жасағанды ұнатады. Өрі қарым-қатынас барысында балалар маңызды дағдыларды игереді.	
h) Педагогтер ата-аналар пайдалы деп есептейтін түрлі стратегияларды көрсетеді.	

Ата-аналармен үнемі қарым-қатынаста болу және оларды бейімдеу мен оқыту процестеріне тарту мектепке дейінгі ұйым ұжымының басты міндеттерінің бірі болуға тиіс (Модель, 2021).

Ата-аналық міндетті жақсы атқарудың мән-маңызы мен әдіс-тәсілдерін түсіну тәсілдері этникалық, діни, әлеуметтік-экономикалық және тағы басқа факторларға негізделіп, тәрбие мақсаты мен құндылықтары, ата-аналар мен балалардың өзара қарым-қатынастары, отбасылық тәрбиенің әдіс-тәсілдері арқылы көрініс табады.

Мектепке дейінгі ұйымдардың маңызды әрі дәстүрлі міндеттерінің бірі – жан-жақты үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу үшін отбасы мен балалар мекемесінің

ынтымақтастығы аясында отбасылық тәрбиеге психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қолдау көрсету.

Шетелдік жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда, дамытушы орталықтарда тұлғаға бағдарланған технологиялар кеңінен қолданылады, олар тәрбие жүйесінің негізгі өзегі ретінде баланың жеке тұлғасына, оның дамуына қолайлы және қауіпсіз жағдай жасауды, оның табиғи әлеуетін жетілдіруді және жүзеге асыруды қарастырады. Бұл технологиялардың аясында ынтымақтастық технологиясының маңызы ерекше.

Мұндай технологияның бір үлгісі «GEMS EDUCATION» халықаралық қауымдастығына (білім беруді басқарудың жаһандық жүйелері) кіретін ұйымдарда қолданылатын «Parental engagement» (ата-аналардың белсенді қатысуы) технологиясы болып табылады. «Parental engagement» – белсенді «қатысу» ата-аналардың бала өміріне қарапайым қатысуынан (ата-аналар жиналысы, спорттық жарыстар және т.б.) ерекшеленеді, себебі ол ата-аналар мен балалардың өзара іс-қимылын жақсартуға елеулі ықпалын тигізбейді. Баланың өзін, оның білімі мен тәрбиесін бағалайтын отбасындағы қарым-қатынас баланың өзін-өзі жетілдіруіне шынайы көмектесетін нәрсе болып табылады. Баланың жеке әлеуетін отбасының қамқорлықпен қатысуынсыз жүзеге асыру мүмкін емес, өйткені отбасы баланы өмір бойы үйретіп тәрбиелейтін бірегей білім беру жүйесі болып табылады.

Баламен әңгімелесу осы технологияның негізін құрайды. «Parental engagement» ата-аналардың баламен әртүрлі тақырыпта еркін әңгімелесуін, оның оқуы мен үлгерімін талқылауын, қажет болған жағдайда балаға қолдау көрсетуін қамтиды. Халықаралық зерттеулер көрсеткендей, ата-аналарымен тығыз қарым-қатынаста өсетін балалар балабақшада, мектепте және одан кейін ЖОО-да жақсы нәтижелерге қол жеткізе алады.

Л. Выготскийдің еңбектерінде, ал кейінірек Д. Элькониннің зерттеулерінде баланың тұлғасы «бала-зат» және «бала-ересек» қарым-қатынасы тұрғысынан қарастырылады. Белгілі бір физикалық қасиеттерге ие зат балаға қалай әрекет ету керек екенін үйретуі тиіс қоғамдық нәрсе ретінде қарастырылады. Өзіндік тұлғалық қасиеттері қалыптасқан ересек адам белгілі бір кәсіптің өкілі, қоғам қызметінің басқа да түрлерін, олардың ерекше міндеттері мен уәждерін, қарым-қатынас нормаларын меңгерген тұлға ретінде баланың тұлғалық қырларын немесе өмір сүру салтын қалыптастырады. Баланың осы екі жүйе аясындағы іс-әрекеті біртұтас үдеріс болып табылады. Осыған байланысты біртұтас тұлғаны қалыптастыру бала қарым-қатынас жасайтын «заттарға» да, адамгершілік қарым-қатынастар, іс-әрекет түрлері арқылы баланың ой-өрісін кеңейтетін ересектерге де байланысты. Бала болмысының мәні – ересек өмірге араласуға, оның белсенді қатысушысы болуға, өз бетінше іс-әрекет жасауға ұмтылуы. Бірақ бала қоғамның белсенді өміріне үнемі араласа алмайды, ол өзінің санасында елеулі із қалдырған адамдардың өміріне еліктейді және өзінің сезінгенін ойын арқылы көрсетеді, сондықтан ойын балалардың негізгі қызметі болып табылады. Ойын жағдайында балалар ересектердің іс-әрекетін және олардың арасындағы қарым-қатынастарды көрсетеді. Осы арқылы ана, әке, ғарышкер,

педагог, дәрігер сияқты бейнелерді таңдай отырып, бала олардың өмірдегі әрекеттерін қайталайды. Ойынның бейнелі сипаты аса маңызды болғандықтан, онсыз ойын болуы мүмкін емес. Ойында өмір эмоцияларға толы әртүрлі көрініс түрінде өтеді, бұл бала үшін шынайы өмірге айналмақ.

Д. Элькониннің пікірінше, «Мектеп жасына дейінгі бала үшін аффект белгілі бір заттан немесе көру арқылы алған әсерден адамға ауыстырылады, сондықтан ересек адам мен оның іс-әрекеттері бала үшін тек объективті ғана емес, субъективті үлгі болады» (Эльконин Д. Б. Ойын психологиясы. М., 1999).


Әрбір бала ерекше тұлға болғандықтан, оның қабілеті мен дарындылығын тани білу, тиісті тәрбие мен оқыту тәсілдерін тиімді қолдана білу педагогтің алдына қойылатын маңызды міндет болып табылады.

Жаңа нормативтік-мазмұндық тәсілдерді іске асыру жағдайында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың алдына ашықтықты, ата-аналармен тығыз ынтымақтастықты және

өзара іс-қимылды көздейтін нысаналы бағдарлар қойылады. Білім беру жүйесінің алдына қойылған міндеттер оқу-тәрбиелеу процесінің нәтижелі болуы үшін ата-аналардың жауапкершілігін арттыруды көздейді. Балаларды дамыту, тәрбиелеу және оқыту процесіне ата-аналарды тарту мәселесі мынадай бағыттарда шешіледі:

- 1) ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;
- 2) ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымның қызметіне тарту.

Мектеп жасына балалардың ата-аналарымен педагогикалық өзара әрекеттестік моделі



Ата-аналар мен балаларға арналған жаднама

Ата-аналарға кеңес:

Балаларға қауіпсіздік туралы ескерту ата-ананың міндеті

Балаларыңызға **«Болмайды»** деген 6 ұғымды үйретіңіз:

1. Бөгде адамға есік ашуға болмайды.
2. Қаншалықты қызықты нәрселер ұсынып, мәжбүрлесе де, таныс емес адаммен ешқайда барма.
3. Таныс емес және аз танитын адаммен сөйлеспе және ешқандай сыйлық қабылдама.
4. Бөгде адамның көлігіне отыруға болмайды.
5. Қаранғылық түскен кезде көшеде ойнауға болмайды.
6. Подъездге және лифтіге таныс емес адамдармен бірге кіруге болмайды.

Ескертіңіз, жасөспірімдердің сақтауға тиіс ережелері:

- Үйден шығар алдында қайда, кіммен бара жатырғандығын ескерту;
- Кездейсоқ таныстықтан аулақ болу, таныс емес ортаға бармау;
- Телефон арқылы үйге қашан оралатынын ескертіп отыру.

Кез-келген қылмыс жасалғанда (құқықбұзушылық) мүмкіндігінше ішкі істер орына хабардар етілуі тиіс. Стационарлық телефоннан **«102»** номерін теріп, полиция қызметкерлерін шақыру керек, ұялы телефоннан- **«112»** (қоңырау тегін). Қызмет операторы **«112»** полиция желісіне де қосыла аласыз.



**Оқытудың дамытушы ортасын пайдалана
отырып, балалардың тәжірибелік-эксперименттік
және жобалық-зерттеу қызметі арқылы
танымдық дағдыларын дамыту.**

Әдіскер: Г.Б.Ұзақбай

Қазіргі таңда жобалау іс-әрекеті өзекті әрі өте тиімді әдіс, себебі ол мектепке дейінгі жасқа тән болып келетін эгоцентризмді жеңуге, іздемпаздықты, интеллектуалдық инициативаны қалыптастыруға, шығармашылық қабілеттері мен коммуникативтік дағдыларды дамытуға, ересектердің көмегімен немесе өз бетінше мәселелердің шешімін анықтау қабілеттерін дамытуға ықпал жасайды.

Жобалау іс-әрекетімен жұмыс жасау кезінде мына кезеңдерді бөліп қарастырған:

1. Тақырыпты анықтау. Мәселені қою.
2. Мақсаттар мен міндеттерді анықтау.
3. Жүзеге асыру (топтарды ұйымдастыру, топтарда рөлдерді бөлу, әдіс-тәсілдерді таңдау, жұмысты жоспарлау және жүзеге асыру)
4. Презентация (таныстыру)

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін жобалау іс-әрекеті әзірге тек тәрбиешінің, ата-аналардың көмегімен жүзеге асырылады. Көп жағдайда балабақшадағы жобалау жұмыстары топта орындалады, яғни қандай да жолмен рөлдер бөліп беріледі: біреу аналитикалық әрекетті өзі орындайды, енді біреулері көмектеседі, осылайша әр баланың көмегімен біріктіре отырып нәтижеге қол жеткізеді.

Оқытудың кіріктірілген әдістерінің бірі ретінде жобалау әрекетін пайдалану балалардың белсенділігін арттыруға, шығармашылық ойлауын, өзін қызықтырған зат немесе құбылыс туралы ақпаратты өз бетінше іздеу қабілетін дамытуға, игерген білімін пайдалануға мүмкіндік береді.

Жобаларды жүзеге асыруға балалардың барлық коммуникативтік қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Барлық жобаларда іс-әрекеттің негізгі түрі ойын болып табылады. Ойын кезінде ғана бала құрбыларымен және ересектермен қарым-қатынас жасауға үйренеді.

Жобалау іс-әрекеті процесінің барысында балалар өз бетінше ойлауды, үлкендермен бірлесе ақпарат іздеуді, табуды және мәселелерді шешуді үйренеді. Жобалардың тақырыптары балалардың бастамасымен (олар нені білгісі келеді, неге қызығады) немесе тәрбиешінің бастамасымен (тәрбиешілер баланың дамуының дамуы үшін нені маңызды деп есептейді) анықталады. Егер тақырып ересектермен таңдалса, онда сол жасқа сәйкес келетін мотивацияны таңдалады.

Тәрбиеші балаларға жобаның тақырыбына байланысты тапсырмаларды ұсынады, ал балалар ата-аналарымен бірге өздеріне қызық тапсырмаларды таңдайды. Қажет болған жағдайда тәрбиеші ата-аналарға анықтамалық материалдар ұсынады, кеңестер береді. Жобаны қорғау қызықты әрі белсенді түрде өтеді және ол жобаның әрбір қатысушысы ата-ана және бала өз жұмысын көрсете алатындай етіп ұйымдастырылады. Жобаны қорғау барысында балалар барлық шығармашылық мүмкіндіктерін жүзеге асырады, олардың шығармашылық белсенділігі мен қиялы дамиды, коммуникативтік қабілеттері жетілдіреді: олар аудиториямен жұмыс істеуге, ақпаратты жүйелі, эмоционалды түрде тыңдаушыларға жеткізуге, қонақтарды қызықтырған сұрақтарға жауап беруге үйренеді.

Жұмыс түрі: Дөңгелек үстел

Тақырыбы: «Балабақшаның әртүрлі жастағы топтарында тәрбие-оқыту қызметі үдерісін жоспарлау»

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту процесінде саралау тәсілдемесі қаншалықты жүзеге асыралады? Кестеде берілген саралау стратегияларына сүйеніп, өз тәжірибеңізден мысалдар келтіріңіз.

Стратегия	Мазмұны	Практикадан мысал
Нәтиже	• Белгілі бір әрекетке арналып іске асырылған әртүрлі жұмыс. • Жұмыстың әртүрлі көлемі. • Белгілі бір әрекетке арналып іске асырылған әртүрлі мақсат.	
Қызығушылық, мүдде	• Іс-әрекет барысында баланың қызығушылығын негізге алу. • Іс-әрекет барысында баланың мүддесін қадағалаудағы икемділік. • Мектеп жасына дейінгі балаларды марапаттау жүйесінде олардың қызығушылықтарын негізге алу.	
Қарқын, жылдамдық, уақыт	• Ақпарат пен тілді өңдеу үшін қарастырылған уақыт. • Іс-әрекетті аяқтау үшін қарастырылған уақыт. • Тәрбиеші баланың жеке даму қарқынына сәйкес тапсырманы орындау жылдамдығын ескеруі.	
Педагогтің түрлі қажеттіліктері мен деңгейі бар балаларға қолдау көрсетуі	• Балалар жалпы ортақ тапсырманы орындау барысында тәрбиеші кейбір балаға басқа балаға қарағанда көп немесе аз қолдау көрсетеді.	
Ресурстарды саралау	• Балалардың алдына ортақ міндет қойылады, бірақта әртүрлі деңгейде дамыған дағдыны талап ететін түрлі ресурстар ұсыну.	
Диалог/сұрақтар қолдану	• Педагог баланың даму деңгейіне байланысты әр түрлі лексиканы және сұрақтар қоюды пайдаланады.	

Заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру	• Педагог баланың қажеттіліктері мен қызығушылықтарына, жас ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі оқу ортасын (бөлмеде, бөлмеден тыс) ұйымдастырады.	
Топтарға, рөлдерге бөлу	• Балалардың алдына ортақ міндет қойылады, бірақта табысты нәтижеге жетуді қамтамасыз ететіндей балаларды топтарға бөлінеді.	